

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 413 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "СUN2A" (АҚШ) компаниясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 011 "Білім және ғылым объектілерін салу және қайта құру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттан 590000000 (бес жүз тоқсан миллион) теңге сомасына инвестициялық жобаны іске асыру жөнінде 2006 жылға сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығын дамыту" инвестициялық жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды беруші және қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін. Төлем Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлеу күнгі ресми бағамы бойынша АҚШ долларымен жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу т у р а л ы ш а р т ж а с а с у д ы ;

жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-т а р м а қ т а р ы н о р ы н д а у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі